

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы Дмитриев ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 18 маусымдағы № 6 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 19 маусымда № 6367 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы Дмитриев ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 30 қазандағы № 15 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы Дмитриев ауылдық округі әкімінің 30.10.2020 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Тимирязев ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың 2020 жылғы 21 мамырдағы № 15-12/50 ұсынысы негізінде, Дмитриев ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы Дмитриев ауылдық округі Дмитриевка ауылының аумағында ірі қара мал арасында бруцеллез бойынша шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округінің әкімі

Т. Ислямов